

## ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ

ӘОЖ (УДК) 94 (5): 39: 81

### ХАНДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ «САНАТ» ТЕРМИНІНІҢ ЭТНОТІЛДІК МАЗМҰНЫ

**Шойбеков Рүстембек** - ф.ғ.д., ҚР МОМ-ның антропология және этнология орталығының жетекшісі,  
**Уәли Нүргелді** - ф.ғ.д., профессор, ҚР МОМ-ның антропология және этнология орталығының  
бас ғылыми қызметкері.

Мақалада хандық қоғам дәуіріндегі санат атауының мағынасы талданып, бірсыпыра фразеологиялық тіркестердің әскери және қоғамдық-саяси терминдік мазмұны ашылады. Жеткіншектердің байырғы қазақ қоғамында физиологиялық, ой-сана, әлеуметтену жағынан инициациялық кезеңдегі ерекшеліктері айқындалады. Сондай-ақ мақалада фольклорлық шығармалар мен тарихи жырлардағы деректерді және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі материалдарын пайдалана отырып санат, санатқа кіру, санат салу, кеңеске кіру, ер белгісі, талаптану, талапкер тәрізді атаулардың тілдік-этномәдени мазмұнын алуға көңіл бөлінеді.

**Тірк сөздер:** лексика-фразеологиялық бірліктер, қоғамдық-саяси термин, инициация, бейтерминделу, паремиология, әлеуметтену.

Қазіргі тілінде қолданылып жүрген бірсыпыра лексика-фразеологиялық бірліктер, байқап қарасақ, хандық дәуірде қоғамдық-саяси, әскери термин ретінде жұмсалған. Ондай тіл бірліктерінің қатарына ерте заманнан қалыптасқан *санат салу; елге санат салды; санда бар, санатта жоқ; санатқа қосылды; санатқа кірді; санаттан шығарды қылқұйрық шығару, ер белгісі, талапкер кеңеске кіру* тәрізді әскери-саяси терминдік мағынадағы фразеологизмдерді жатқызуға болады. Мысалы, «Кенесары – Наурызбай» жырында:

Қара ағашты Дулатты  
Хан аузына қаратты.  
Аттансын деп көп қосын  
Жұртқа салды санатты, –

деген жолдар кездеседі [1, 20 б.].

Жырдың соңғы екі жолы «ел ілінен жорыққа көп қосын әскер, жауынгер жасақталсын» деген жарлықты білдіреді. Ол уақытта әскерге шақыру, жауынгер жасақтап, қосын шығару мобильді сипатта болған. *Санат салу*, әдетте, хандық заманда болған *қылқұйрық шығарудан* мүлде басқа. Өйткені көрнекті этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбаевтың ғылыми жетекшілігімен жазылған бестомдық тұңғыш этнографиялық энциклопедиясында *қылқұйрық шығару* – «елге аса қауіпті жағдай төнгенде, төтенше жағдайда атқа мінуге жарайтындардың бәрін, жас, кәрі демей, майдан шебіне шығару» деп көрсетілген. Қылқұйрық шығару көбіне әскердің қарасын көбейту үшін қолданылған [2, 189 б.].

Ал, санатқа кіру, санатта болу үшін жас ұланның ат-тоны, жаужарағы, бесқаруы сай болуы тиіс. Болашақ сарбаздың мішгені жабы емес, қазанат болуы керек. Ал тоны (киімі, кісесі) сарбазға лайық ықшам, жорық жолына қолайлы болуы қажет. Бұл – бірінші шарты. Халық паремиологиясының қорында *«Ат – тоны бар жігітте Әзірет Әлінің күші бар»*, – дейді.

Екіншіден, *қалқан, сауыт, дулыға* және т.б. жаужарағы өзіне лайық болуы тиіс.

Үшіншіден, болашақ сарбаз бесқарудың бірін ғана емес, біріншісін жақсы меңгерген болуы керек.

Сонымен қатар, жас ұланның санатқа кіріп, жауынгер қатарына қосылуы үшін ертедегі әскери салт бойынша алғашқы ерлік қадамын жасап, жұрт көзіне түсуі аса маңызды.

Байырғы қазақ қоғамында жеткіншек жасқа келген бала физиологиялық жақтан, ой-сана жағынан жетіле түсіп, белгілі бір инициациялық кезеңге қадам басады.

Зерделі ғалым Қондыбай Серікбол *«Латындық инициация немесе инициациялық әрекеттері мен қазақтағы «жет» (жалпы түркілік йет) әрекетінің біртекті екендігі анық: ж е т = / й е т = < и г – е н г т немесе п г е н г т мағынасы – «ішке, інге ену», «жақындау, тақалу», – дей келіп, ж е т п е к с о з і н инициация терминінің баламасы ретінде қолданатынын айтқан [3, 177 б.].*

«Жет» сөзінің басқа мысалдарынан (жетілу-жетілмеу, жетілген-жетілмеген, жетілдірілген, жетімді-жетімсіз, жеткізген, т.б.) біз осы сөзге қатысты кәмілдік мағынаны көре аламыз: «жетілген» сөзі орыс тіліне «совершенство» деп аударылады, «жетілген» сөзінің араб-парсылық «кәміл» деген де синонимі бар, олай болса «жетілген», «Жет» сөзі «кәміл» (абсолют) деген мағынаға ие болады, – дейді [3, 179 б.].

Алайда, биологиялық субъект ретінде жеткіншек жастағы бала бұғанасы қатып, белі беки түскеннен бастап, бос белбеу болмай, өзінің қабілетін арттыруды көздейді. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамында Төле, Қазыбек, Әйтеке тәрізді билер ел тұрмысындағы даудың акты-қарасын шешуге қызыққаны қазақтың аңыз-әңгімелерінде жиі кездеседі. Сондай-ақ жеткіншектердің тағы бір типі атүсті сайысын, мергендік, белдесу, жақ ату найза салу, қылыш шабу тәрізді дене мәдениетімен байланысты шеберліктерін жетілдіру дағдысын шыңдай түсуге қызығады. Шынығудың бұндай түр-түрінен өткен бұлар кейін әйгілі ащы, жауынгер, сарбаз, атакты батыр атанады.

Бұл айтылғандар жеткіншектердің әлеуметтенуіндегі күрделі белгілі бір инициация кезеңін көрсетеді. Инициацияның бұндай кезеңінде жеткіншек шешендік, мергендік және т.б. – қай жағынан болсын жұрт көзіне түсіп, танылуға ұмтылады. Яғни босбелбеу болмай жұрт аузына ілігуді, сөйтіп санатқа қосылуды көздейді. Осылайша «Реальды қоғамда осындай өтпелі меже кезі инициациялық әрекеттермен нақтыланады. Адам биологиялық субъект ретінде табиғи жолмен бой жетеді, ер жетеді, осы меже енді әлеуметтік (социалдық) деңгейде нақтылануы керек. Тек инициациядан өткенде ғана «табиғи өзгеріс» әлеуметтік мәртебе ретінде қабылданады» [3, 176 б.].

Ақтамберді жырау:

Жасым жетіп он беске  
Кірер ме екем кеңеске.  
Бұғана қатып, бел бекіп  
Ерегескен дұшпанмен  
Шығар күн туса күреске! –

дейді [4, 59 б.].

Сөйтіп, жеткіншек нақтылы әрекеттері арқылы ел көзіне түсіп таныла бастайды.

«Дала уалаятының газетасында» (1895 ж.) жарияланған «Қазақтардың аң аулауы» атты мақалада – «Бұрынғы өгіп кеткен хандардың заманында қай қазаққа болса да күш, әдіс, батырлық, әр уақытта қажет еді. Мұнсыз қазақтар мүлкін Ізәм өз жапын өзі сақтап тұра алмас еді, айлакер, тәсілқой, күшті һәм әдісті болуға. Қазақтар аң аулап жүреді екен қолы бос уақыттарда. Қару-жарақты қалай ұстауын үйренуге, жылдамдық, әдісті болуға, жамап, қорқынышты нәрселерге бойын үйретуге, қысымшылық жерде сабырлы болуға һәм мінген аттарының өнерін сынауға қазақтар аң аулап жүреді екен. Өнер іздеп тыныш тұрмай жүрген жігіттер жиылысып жер мәнісін, аңдардың мінезін білетұғын кісіні басшы қылып салбурын салуға шығысып жүреді екен. Бұл салбурын салып жүргенде суыққа, шөлге, ыстыққа шыдап, демалмай, шаршамай, талықпай үлкен аңдарды қуып соғып жүрген адамдарды жақсы ащы деп айтады екен», – деп жазылған [5, 384 б.].

Бұдан байқайтынымыз – аң аулау байырғы қазақтарда тек кәсіптік мәнде емес, әскери дайындық, соғыс қимылдарына алдын ала үйрену мектебі болған. Салбурынға шығу әскери-соғыс істеріне жаттығудың бір түрі деуге болады.

Ұланның аң аулағанда немесе жаугершілікте алғаш көрсеткен батырлығын ер белгісі деп атаған. Бұл жөнінде «Қырымның қырық батырында» он жасқа келген Таманың әкесі Көгістің жауға мінетін торысына ер салып, қаруын асынып, ерлік көрсету үшін аңға шығуды көксейтіндігі былай сипатталады:

Отыруға қиын-ды.  
Киінбей енді кетем деп,  
Ер белгісін етем деп,  
Ойлаған екен бір ақыл,  
Басқа жаққа кетсем деп,  
Үйден шығып жөнелді.  
Байлаулы тұрған тұлпарды  
Ерттеп мініп алады  
Шылбырды жібек байлады,  
Жүрейін деп сапарға  
Кетуге бала сайланды... [6, 203 б.].

Ер белгісін көрсеткен ұландар санатқа кірген болып саналады. Оны қатарға кіру деп те атаған. Мысалы:

Сонда Қазі сөйлесді: - Екі жасар күнімде  
Әкем Орақ алдына алып отырып әлдилейтін мені,  
Сонда айтушы еді, Қондыкер деген қалмаққа  
Жеті барып, жетеуінде де ала алмай келдім,  
Менен туған ұл болсаң, қатарға кірген тең болсаң,  
Қондыкер деген қаланы ал», - деуші еді... [6, 131 б.].

Байырғы салт-дәстүрге байланысты түркі халықтарында санатқа, яғни қатарға кіргенше балаға ат, кейін берілетін қосымша ат, лақап ат қойылмаған. Ер белгісін көрсеткендер кейін халық берген атымен аталып, елге танымал болып қалады. Мысалы, «Қорқыт Ата» кітабында Дерсе хан ұлы Бұқашхан 15 жасқа келгенде Байыңдыр ханшың мүйізін тасқа сүзсе ұндай қылып үгітетін бұқасымен айқасын, бұқаны жұдырығымен басынан ұрып құлатып, басын кесіп алады. Сол кезде Қорқыт Ата келіп: «*Байыңдыр ханшың алаңында бұл ұлың бұқа өлтірді, баланың аты Бұқаш болсын, атын мен қойдым, жасын Алла берсін*», - дейді. Содан кейін баланың Оғлан аты ұмытылып, *Бұқаш* атанып кетеді [7, 156 б.].

«Ер Бегіс» жырында: – *Сүйініштің жасы қырыққа келгенде, бала көрмей жүріп барып бір баланы болады. Ол баланың атын ноғайлы елі жиналып отырып: - «Арғы атасы Қарадөң, одан туған Жұбаныш, өз әкесі Сүйініш қатарынан асқан ерлер еді. Мұнан туған бала да ер болар, мұның атын Бегіс қоялық. Егер ер болса, есіміне ер атағын қосармыз», - деп ойлады да, мұның атын Бегіс қойды, - дейді [6, 183 б.].*

Қазақта баланың беске дейінгісін *бесік жасы* дейді. Қазақ балалары 5 жасынан бастап атқа мініп үйренгендіктен, бос белбеу болмай, қимылы ширақ, батыл болып өскен. Санатқа қосылуға ерте жастан талап қылған. Оны *талантану* деп атайды (*Он беске жасым толғанда, Талантанып жол шектім –* («Ноғайлы жырлары»). Соғыс кезінде жекпе-жекке сапат қатарына әлдеқашан қосылған, тәжірибелі жауынгер, батырлар шыққан. Екі жақтың әскері кездескенде жекпе-жекке шығуға тілек білдіріп бел байлаған сарбаз яки батырды *таланкер* деп атаған:

Жекеге қалмақтардан шықты біреу  
Аң болып, жұрт түңіліп тұрғанында.  
Қазақтан қандай сарбаз шығады деп.  
Қырдағы көзін тікті, ойдағы да.  
Жекеге шықты бір қалмақ  
Қолында кездей шоқпары.  
Оң мен солға айғайлап  
Таланкер деп айтады...  
... Бұл жақтан да талапкер  
Есім ханнан бата алды [8, 58-59 бб.].

Ер балалар көбінесе 13-15 жас аралығында (кейбіреулері одан да ертерек) санатқа қосылып үлгерген. Осыған байланысты «*Он үшінде ұл – ұлан, Он алтыда қыз – ұлан*» деген мақал қалыптасқан. Мақал соғыс кезінде он үшке толған ұлды, он он алтыға толған қызды атқа қондырып, ұландар қатарына қосқандығын аңғартады. Санатқа қосылған ұландар әскер қатарында *жауынгер, сарбаз* деп аталған. Олардың арасынан ерекше ерлік көрсеткендері *ер, батыр* сөздерімен қосылып айтылған [9, 440 б.].

Қазақ жауынгерлерінің сашындағы *онбасы, елубасы, жузбасы, мыңбасылар* өздерін кезінде әртүрлі әрекеттері арқылы таныта білген санатқа кіргендерден шыққан. Бұлар – алғышепте жүретін әскерлердің ұйытқысы, жорықты ұйымдастырушылар; олар әскери саптың қосындарында санатта тұрады; аса жауапты, шешуші ұрыстарда ерекше іс-қимыл көрсетеді.

Күллі жеткіншектердің бәрі бірдей қатарға кірмегенмен, олардың едәуір бөлігі қосын-қолаңдарда қызмет атқарады. Өйткені үлкен қосындар қосын-қолаңсыз болмайды. Ал *қосын-қолаң* немесе *қос-қолаң* – жорыққа аттанған қалың қолдың соңын ала жүретін, қосынның азық-түлігін, керекті мал-мүлкін, жем-шөбін және керек жарактарын әзірлейтін қосалқы топ. Қосын-қолаңдар көбінесе қалың қол апталап, айлап жүретін алыс жорықтарға аттанғанда әскери қосындардың соңын ала жүреді. Ірі-ірі қосындардың өз қос-қолаңдары болады. Олардың құрамында ас пісіруші *қазаныш-лары*, әскердің ат-көліктеріне жем-шөп дайындаушы *атишылары*, қару-жарақ соғатын *ұсталары*, көлік-сайман жөндейтін *шеберлері* болады [10, 627 б.].

Ертедегі хандық құрылым жүйесінде с а н а т атауы «хан жанындағы тұрақты кеңес» дегенді білдірген. Аталмыш тұрақты кеңестің құрамында ел аузында санағқа ілінген, жұртшылыққа кеңінен танылған көрнекті билер, аузы дуалы ақсақалдармен қатар байрақты батырлар болған. Кеңес мүшелері қоғамдық-саяси термин ретінде *санат*, *санаткер* деп аталған. Халық тілінде, әсіресе ертегі, аңыздарда санат сөзі «кеңесші» мағынасында қолданылған. Оны байырғы ертегі-аңыздардан («Алтын балық», «Аюдәу» т.б.) кездестіруге болады [11, 32; 100 бб.].

Қазақтың тұңғыш 5 томдық этнографиялық энциклопедиясында хан жанындағы кеңестің *тұрымтай кеңес* және *тағанақ кеңес* деп аталған екі түрі көрсетілген.

Бүгінде мағынасы бірте-бірте комескіленіп, бейтерминделген (детерминизацияланған) *санат*, *санаткер* атаулары «Қазақ әдеби тілінің» 15 томдық сөздігінде тіркелген [12, 641 б.].

Қорыта айтқанда, мақалада *санат* атауының хандық қоғам дәуіріндегі мағынасы талданып, кейбір фразеологиялық тіркестердің әскери және қоғамдық-саяси терминдік мазмұны анықталды. Ең маңыздысы жеткіншектердің сол қоғамда физиологиялық, ой-сана, әлеуметтену жағынан инициациялық кезеңдегі ерекшеліктері айқындалды. Фольклорлық шығармаларды, тарихи-жырларды және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің материалдарын пайдалану барысында *санат*, *санатқа кіру*, *кеңеске кіру*, *санат салу*, *ер белгісі*, *талаптану*, *талапкер* тәрізді атаулардың тілдік-этномәдени мазмұны анықталды.

- 1 *Хан Кеңесі: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар*. - Алматы: Жалын, 1993. - 448 б.
- 2 *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том*. - Алматы: РПК «Слов», 2013. - 736 б.
- 3 *Қондыбай Серікбай. Арғы қазақ мифологиясы. Бірінші кітап*. - Алматы: Дайк-Пресс, 2004. - 512 б.
- 4 *Бес гасыр жырлайды. 2 томдық. Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. Т.1*. - Алматы: Жазушы, 1989. - 384 б.
- 5 *Дала уалаятының газеті*. - Алматы: Ғылым, 1994. - 816 б.
- 6 *Қырымның қырық батыры*. - Алматы: Арыс, 2005. - 544 б.
- 7 *Қорқыт ата. Энциклопедиялық жинақ*. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. - 799 б.
- 8 *Қазанған Байбоқұлы. Еңсегей бойлы ер Есім. Дастандар*. - Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 2005. - 320 б.
- 9 *Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)*. - Алматы: «Тоганай Т», 2004. - 560 б.
- 10 *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том*. - Алматы: РПК «Слов», 2012. - 736 б.
- 11 *Қазақ халық әдебиеті. Көптомдық. 2-том*. Алматы: Жазушы, 1988. - 288 б.; 4-том. - Алматы: Жазушы, 1986. - 276 б.
- 12 *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 12-том*. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. - 752 б.

#### Резюме

В статье анализируется семантика употребления слова *санат* в период казахского ханства, раскрывается его фразеологическое значение, а также военное и общественно-политическое терминологическое содержание. В связи с этим раскрыты некоторые аспекты требований и предписаний социальной инициации подрастающего поколения в традиционном казахском обществе с тем, чтобы определить физиологическую зрелость, лидерские позиции и готовность перехода молодежи к общественно-политической деятельности.

Особое внимание уделено языковой и этнокультурной семантике единиц – *санат*, *санатқа кіру*, *кеңеске кіру*, *ер белгісі*, *талапкер* на основе изучения фольклорных произведений и исторических данных, а также фондовых материалов Центрального государственного музея РК.

**Ключевые слова:** лексико-фразеологические единицы, общественно-политический термин, детерминизация, паремология, социализация

#### Summary

The article examines the semantics of use of the word *sanat* during the Kazakh Khanate, its phraseological value, as well as military and political terminology content are also revealed. In this regard, disclosed some aspects of the requirements and regulations of the social initiation of the younger generation in the traditional Kazakh society, in order to determine the physiological maturity, leadership and a willingness of youth to transition to social and political activities.

Particular attention to linguistic and ethno-cultural semantics units - *sanat*, *sanatkakiru*, *keneskekiru*, *er belgisi*, *talapker* based on the study of folklore and historical data, as well as fund materials of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan is paid.

**Keywords:** lexical and phraseological units, socio-political term, determinization, paremiology, socialization.